# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ
**Мектепалды** даярлық сынып
**Балалардың жасы** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі*** **1V-апта 20 - 24 сәуір 2025-2026 оқу жылы**
**Адал азамат біртұтас тәрбие « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.04 | Сейсенбі 21.04 | Сәрсенбі 22.04 | Бейсенбі 23.04 | Жұма 24.04 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br>Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет)<br>Сәлемдесу<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>**«Күй күмбірі»:«** Көроғлы»<br>**Мақсаты:** балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру.<br>**( Адал азамат)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналарға кеңес(Өнегелі 15 минут)**<br>**«Көктем мезгілінде баланың иммунитетін көтеру жолдары»**<br>Қыс мезгілінде ауа райының суытуына байланысты балалар жиі суық тиіп, ауырып жатады. Сондықтан баланың иммунитетін күшейту – ата-ананың басты міндеттерінің бірі.<br>**1. Дұрыс және құнарлы тамақтану**<br>Баланың күнделікті ас мәзірінде дәрумендерге бай тағамдар болуы керек.<br>Көкөністер мен жемістер (сәбіз, алма, орамжапырақ), сүт өнімдері, ет пен балық иммунитетті нығайтады. Тәтті мен фастфудты шектеген дұрыс.<br>**2. Таза ауада серуендеу**<br>Күн сайын таза ауада серуендеу баланың ағзасын шынықтырады. Суық күндері де баланы ауа райына сай жылы киіндіріп, серуенге шығару пайдалы.<br>**3. Дене шынықтыру және қимыл-қозғалыс**<br>Таңертеңгі жаттығу, қозғалыс ойындары баланың денсаулығын жақсартады. Қимыл-қозғалыс қан айналымын жақсартып, иммунитетті көтереді.<br>**4. Ұйқы режимін сақтау**<br>Бала жасына сай жеткілікті ұйықтауы керек. Уақытында ұйықтап, уақытында тұру – ағзаның дұрыс жұмыс істеуіне көмектеседі. | | | | |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті** | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Сақина жасыру** | | | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Теңге ілу.** | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)** | Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді | | | Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.<br>Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады.Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады.Шұңқырға он-оннан тас салынады.Содан екі топтан екі сайскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып.шаба жөнеді.Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып,әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.<br>Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі.Қай топ көп ұпай жинаса,сол топ жеңеді | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 12** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | **Менің Қазақстаным**<br>**ҚР гимні**<br>**Жылулық сәті:**<br>**Достар бері келіңдер,**<br>**Қолдарыңды беріңдер.**<br>**Шаттық толы шеңберге**<br>**Қуанышпен еніңдер**<br>**(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)** | **Артикуляциялық жаттығулар**<br>Мақсаты: Дыбыстарды анық айту, сөйлеу мүшелерін жаттықтыру.<br>«А-а-а» – ауызды кең ашып айту.<br>«И-и-и» – ерінді жымию.<br>«У-у-у» – ерінді түтікше етіп жиыру.<br>«Ла-ла-ла», «Ра-ра-ра» – тіл ұшын көтеріп айту | **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>«Бес саусақ» ойыны<br>Басбармағым Атам<br>Үйдің данасы.<br>Балаң үйрек Әжем<br>Ошақ анасы.<br>Ортан терек Әкес<br>Отау тынысы.<br>Шылдыр шүмек Шешем<br>Шаңырақ ажары.<br>Кішкентай бөбек Мен<br>Бәрінің базары | **«Менің құқықтарым»суреттер қарау**<br>Мақсаты:Бес жастағы баланың деңгейіне сай өз құқықтары жайлы суреттер арқылы түсінік беру. | **Тіл ұстарту жаттығулары:**<br>**«Бізге кім келгенін тауып ал»**<br>**Мақсаты:** айтылуы мен естірүі бірдей сөздерді тауып алады. Дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыланады.<br>**Ойын барысы:**<br>Ыс, ыс, ыс.<br>Келіп қалды қыс.<br>Ар, ар, ар.<br>Қандай аппақ қар.<br>Ша, ша, ша.<br>Жап жасыл [illegible] |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>Буындардан сөз құра<br>**Міндеті:** - Буындардан сөз құрай лау дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді. | **Математика негіздері**<br>Жыл мезгілдері. Жыл айлары<br>**Міндеті:** -Жылдың айлары туралы ұғымдырын қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** жыл айларының реттілігімен таныстыру.<br>**түсінеді:** жыл мезгілдерінің | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздегі дыбыстың орны<br>**Міндеті-** Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөйлем құрайды, сөйлемнің сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, сөздерді буын бойынша сәйкестендіреді, берілген дыбысқа сөз ойлайды және айтады. | **Сауат ашу негіздері**<br>Буынның орнын анықтау<br>**Міндеті:-** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі. берілген дыбысқа сөз ойлап айтады, сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** буыннан сөз құралатынын.<br>**Қолданады:** буын туралы білімін, | **Математика негіздері**<br>Заттар тобы. Заттарды санау<br>**Міндеті:** Заттарды санау. артық, кем, бірдей (тең) екенін атау, заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Колданады:** буынға бөлуді көрсетуде сызбаны колданады. Буындармен жұмыс. «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз бір буыннан тұрса, бір цифрын, егер сөз екі буыннан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, ара, май,сары, су, ағаш,бұзау, бор, кол, тарак, бу, мылтык, жак, кітап, көмір, так, ак, кар, лак, ту, кол, ал, із, көз, тоз, мұз, шөп, сөмке, төсек, рауғаш, тоқ, сүт, үкі, би, ұр, кал, бау, ау, ай т.б. Дидактикалық ойын: «Суреттерді топтастыр» (Педагог суреттерді көрсетеді). Мақсаты: сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету. Әртүрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер, әр дыбыска біреуден сурет. Педагог балалардан суреттерді бірінші дыбысына байланысты топтастыруларын сұрайды. «Т»: таға, тас, тарақ, трактор, тауық, тырма, тырнақ, тоқ; «К»: қасық, кеш, қамыс, қалта, қайшы, қасқыр, қозы, қобыз, қой, қол, кабат т.б – Балалар, суреттерді қанша топқа бөлдіңдер, олар қандай дыбыстан басталып тұр? | маусымдық айырмашылықтарын; **колданады:** жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы Әдістерді колданады – өлеңді жаттау. Өлеңді педагог өз шығармашылығына сәйкес таңдайды. Үлгі: Ғасырлармен ізімізден бірімізің еремiз. Жыл он екі ай шеңбер жасап келеміз. Қаңтар менен ақпан қарға орайды. Ақ боранда түтек болып борайды. Наурыз бенен сәуірде сел ағады. Мамыр келіп қызғалдақтар жанады. Маусым, шілде ыстық әкеп, терлетіп. Егіншілер тамызда егін орады. Қыркүйекте жемістерді тереміз. Қазан менен қарашада сарғылт түске енеміз. Желтоқсанмен Жаңа жыл да келеді. Одан кейін қайта қаңтар ізінен біз еремiз! Педагог кідіртken кезде балалар тиісті жолдарды толықтырады. Мысалы, [illegible] жолдың соңында айдың атын немесе рифмалық сөзді өткізіп жібереді. (Үлестірмелі материалдар, №25, №26, №27 парақтар). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттерге қара. Жыл мезгілдерін ретімен сызып кос. Әр жыл мезгіліндегі айларды ата. 2-тапсырма. Сен ұнататын жыл мезгілінде ағаштың суреті қандай болады? Ағаштың | сөздердің жалпы атауын атайды. **Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің дыбыстан тұратынын түсінеді. **Колданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі. «Даусынан таны». Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылады. Балалар шеңберге тұрады, педагог бір баланы санамақ айту арқылы ортаға шығарады, орамалмен көзін байлайды. Балалар шеңбермен айналып, мына сөздерді айтады: «Сен 157 жұмбақты шешіп ал, кім сенің есімінді атады, тезірек соны біліп айт». Содан кейін балалардың біреуі педагогтің нұсқауымен ортадағы баланың есімін атайды. Дұрыс тапса, сол баламен орын ауысады. «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді буынға шапалақтау арқылы бөліңдер. Мысалы: жыл-кы, кей-пек, шал-бар, та-кия, би-лет, ба-ка т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Заттардың атын буынға бөл. [ Ж ] дыбысы бар сөздерді белгіле. 2. Сөздегі [ з ] дыбысының орнын [illegible] басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя. | дыбыстарды ажыратады. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттерді ата. Буынға бөліп, -ба буынының орнын анықта. Бұл буын қай сөзде бірінші тұр? 2. Сурет бойынша сұрақ қой. Сөйлем құрап, оның сызбасын сыз. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 3.Үзік сызықтарды бастыр, суретті жалғастырып сал. Боя. 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? | сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; **түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; **колданады:** санап, салыстыру білігін, жұптастырады. Қорытынды шығарады: көп, аз, бірдей (тең). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Қашада 9 қозы бар. Олардың үшеуін «шығар». Қашада неше қозы қалды? Дөңгелектер сал. Балалар жағдайды дөңгелектердің көмегімен модельдейді. Олар алдымен 3 дөңгелек салады (қозылар тобын тұтас жиынтықтан ажыратады), содан кейін қалғаны – 6. «Үй құстары» сергіту сәті. Педагогтің өз шығармашылығына қарай жүргізіледі. (Басбармақты неге кішкентай саусағынан бастап қалғандарын кезек-кезек тигізеді.) Әр ананың балалары әдемі, жақсы! (Саусақтарды ойнау арқылы көрсетеді.) 2-тапсырма. Фигураларды жаңа орындарға ауыстыр. Фигура үшінші орналасқан, үшінші... дұрыс бағытын сала, балалар шатаспау үшін нүктелер қояды. 3-тапсырма. Дөңгелектерді сол қарағанда әртүрлі етіп орналастыр. Суретін сал. Балалар әртүрлі ... және дөңгелектерді ... |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | суретін аяқтап сал. Ағашты өзінің сүйікті жыл мезгіліндегідей бейнеде боя. Педагог баладан өзінің сүйікті жыл мезгілін атауды және бұл жыл мезгілін неліктен ұнататындығын сұрап біледі. Әрі қарай, жылдың осы мезгілінде ағаштар қандай бейнеде | | | Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады. Ол қандай тапсырмалар ерекше қызықты болғанын айтуды сұрайды. Балаларға өз жұмысын бағалау үшін дәптердегі бағдаршамды бояуды ұсынады. |
| **«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу** | | | | | |
| Үнемдеу маңыздылығы: Тамақ қалдықтары - табиғи ресурстарды ысырап етудің үлкен мәселесі. Тамақты дұрыс жоспарлап, оны үнемдеуді үйренсек, табиғатты қорғай аламыз. Жадынама: 1. Тамақты жоспарлы түрде сатып алыңыз, тек қажет заттарды алыңыз. 2. Тамақ қалдықтарын тастамаңыз - оларды қайта пайдалануға тырысыңыз. 3.Тек жейтін көлемде тамақ пісіріңіз, артық жасаудан аулақ болыңыз. 4.Тамақты сақтау мерзімін дұрыс бақылап, артық өнімдерді уақытында қолданыңыз. QR СКАНЕРЛЕУ | ТАМАҚТЫ ҮНЕМДЕУ  | |  | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту**<br>**Мен ғарышкер боламын**<br>**Міндеті: - -Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу**<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды: өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беред. мақал-мәтел , жаңылтпашты жаттап айтады;**<br>**Түсінеді: өлеңнің мазмұнын, "к" ,"г" дыбыстарының дұрыс айтылу артикуляциясын түсінеді;**<br>**Қолданады: мамандық иелерін анықтайды.**<br>**–Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер казақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме?**<br>**–Ғарышкер немен ұшады?**<br>**–Ғарышкер қандай болу қажет?**<br>**Педагог Ж.Смаковтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді.**<br><br>Аспан, аспан арайлым.<br>**Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын!**<br>**Ғарышкер мен де боламын.**<br>Боламын десем, боламын.<br>Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын.<br>Көктің жүзін барлаймын.<br>Үлкен ғалым боламын.<br>Боламын десем, боламын.<br>**(Ж.Смаков)**<br>–Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? | **Қазақ тілі**<br>**Киіз үй**<br>**Міндеті:** -Қазақ халқы колөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, аркан, жіп)сөздермен толықтыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Киіз үй қазақ ұлты үшін маңызды құрал екенін біледі;<br>**Түсінеді.**Киіз үйдің іші сыртындағы дүниелермен танысады;<br>**Қолданады.**Киіз үй жабдықтары жайлы ой айтады.<br><br>***Жұмбақ:***<br>Үксайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі.<br>Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. *(киіз үй)*<br>Педагог балаларға киіз үй туралы [illegible] береді.<br>**Киіз үй** – Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы. Орталық және Орта Азия халықтарының көшпелі тұрғын үйі деседе болады. Олай дейтініміз – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. | **Математика негіздері**<br>Заттар тобы. Заттарды санау<br>**Міндеті:** Жыл мезгілдері мен айлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;**<br>**түсінеді: өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;**<br>**колданады: санап, салыстыру білігін.**<br>**Дәптермен жұмыс.** 1-тапсырма. Қашада 5 құлын бар. Қашаға тағы 2 құлын «кіргіз». Қанша құлын болды? Дөңгелектер сал. Педагог суретті карастыруды, құлындарды санауды ұсынады. Тіктөртбұрыштың ішіне балалар жағдайды дөңгелектеп салады. Саусақ гимнастикасы. «Үй жануарлары». (Алдымен бір қолдың саусақтарын, содан кейін екінші қолдың саусақтарын, үлкендерінен бастап кезекпен көрсетіңдер.) Сиыр бұзаулармен бақытты, Қой қошақанмен бақытты. Мысық марғауларымен бақытты. Ешкі лақтарымен бақытты. Ал мен балалармен бақыттымын. [illegible] тапсырма. Құлынның жолын жалғастыр. Ұяшықтардың жолының қиылыс сызығында анықтамалық нүкте берілген, тапсырма торкөз ұяшықтарда орындалады. Нүкте-ұяшықтан басталмайды, ұяшықтар жолының қиылысында орналасады. Ұяшықтың дұрыс бағытын сана. | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Тамшының саяхаты<br>**Міндеті:** - Табиғат құбылысы – жаңбыр, жаңбырдың түзілуі жайлы мәлімет беру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды** Табиғат құбылысы – жаңбыр, жаңбырдың түзілуі жайлы мәлімет беру.<br>**Түсінеді:** Танымдық зерттеу әрекетіне қызығушылықты, білуге құштарлықты, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Қолданады:**Табиғат құбылыстарының барлығын жақсы жағынан көруге баулу.<br>«Тамшының саяхаты» ертегісін оқиды: «Әлемде бір тамшы су өмір сүріпті. Ол аппақ бұлтта, өз құрбыларымен әңгімелесіп отыр еді, кенеттен найзағай жарқ етіп, күн күркіреді. Тамшы қатты қорқып калды, өз құрбыларымен бірге бұлттан секіріп кетті. Жерге түсіп, олар шалшық суға айналды, құрбыларымен шалшық суда ойнай бастады. Біраздан кейін, барлығы сыңғырлап күліп, ағa жөнелді. тамшыға бұл қатты ұнады, олар 84 үлкен суға келіп қосылды. Бірақ күн суытып, су қатып қалды, мұз[illegible] айналды. Тамшының басқа құрбылары аппақ киімін киіп алып, ақшақар болып жерге айналып, қалықтап ұша бастады. Тамшының іші пысты, ол мұз болып қозғала алмай қалғанына ренжіді. Күн жылына бастады, тамшы қайтадан еркін қозғала бастады, күн сеп берді, енді тамшы өте жеңіл болып, аспанға көтерілді, аппақ бұлттарға айналды». – Ертегі не туралы? Тамшы қалай саяхаттады?– Ол жерге жаңбыр болып жауды, шалшықта жиналды. | **Көркем әдебиет**<br>**Киіз үй**<br>**Міндеті: - Киіз үй туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. Халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу .**<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Киіз үй туралы түсінігін кеңейту.<br>**Түсінеді:**Көркем сөзге қызығушылығын арттыру.<br>**Қолданады.**Халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу<br><br>Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін слайдтан көрсету. – Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? Киіз үйді неден жасайды? Киіз үй – қазақ халқының ежелгі баспанасы, ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Ол тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, киіз үй деп атаған. – Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: айбынды мықты, батыл шалғынды шөбі мол жер 92 Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Өлеңнің авторы |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма?<br>–Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді.<br>–Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар?<br>–Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек.<br>–Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады |  | | көлге ағып құйылды, мұз болып қатты, еріп, бу болып қайта аспанға көтерілді. – Дұрыс айтасыңдар, бұл ертегіде табиғаттағы су айналымы туралы айтылды. Интербелсенді тақтадан жаңбырдың түзілуі жайлы бейнебаян көрсетіледі: Өзен, көл, теңіздегі су буланып, аспанға көтеріледі, бұлттарға айналады, бұлттар жиналған будан ауырлай бастайды да, жерге тамшы болып жауады, яғни жаңбыр түзіледі. Осылай тамшылар айналып жүре береді. жел бұлттарды айдайды, олар қалың бұлт, нөсер бұлтқа айналады, қыста қар болып жауады, қар аралас жаңбыр, бұршақ түрінде жерге жауады. Жаңбыр – бұлттан бөлініп, жерге түсетін атмосфералық су тамшылары. Күңгірт, қара сұр бұлттар жаңбырдың жақындағанының айқын белгісі. Бұл бұлттардың тығыздығы және ылғалға толы болғаны сонша, олар арқылы күн сәулесі өте алмайды. Ең қатты жаңбыр жеткілікті биіктікте қалқып жүрген тығыз және қара бұлттардан келеді. Аспанда найзағай жарқылдайды, күн күркірейді және мұның бәрі күшті жел мен қатты жаңбырмен бірге жүреді. Су үздіксіз қозғалыста болады – теңіздер мен өзендердің бетінен атмосфераға буланып ұшып , жаңбыр болып жерге түсіп, қайтадан теңізге ағады. Бұл үздіксіз қозғалыс табиғатта су айналымы деп аталады. Ал Күн суды қозғалысқа келтіреді, ол судың бетін қыздырады, нәтижесінде ол буланады. Бу атмосфераның жоғарғы қабатына көтеріліп, суытып, су тамшыларына немесе мұз кристалдарына айналады. Тым үлкен болып, ауырлаған кезде олар жерге түседі. | кім? Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? Неге ұқсайды? Дидактикалық ойын: «Сандық» (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: сандық ішінде түрлі түске боялған асықтар бар. Жасыл асық алған бала жұмбақ жасырады, шешуін тапқызады. Сары асық алған бала мақал-мәтел айтады. Балалармен бірге қайталайды. Қызыл асық алған бала тақпақ айтады. Көк асық алған бала өлең айтады |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» « Бозінген» күйі**<br>**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,** | | | | | |
|  | | <br> | |  | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері<br>**Міндеті:** - Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.<br>**Түсінеді.**Табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Қолданады:**Табиғаттың адамға пайдасы жайлы мәлімет беру<br><br>Онда менің сендерге бірнеше тапсырмам бар. соларды дұрыс орындасаңдар. корған тұрғызбауым мүмкін. Малифисентаның 1-тапсырмасы: «Бұлақ көрсең, көзін аш». Менің сылдырлаған бұлағыма балалар қоқыс шашып | **Көркем әдебиет**<br>Көкек<br>**Міндеті:** - Сурет бойынша ертегі құрауына мүмкіндік беру. Тіл байлығын дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды** Сурет бойынша ертегі құрауына мүмкіндік беру.<br>**Түсінеді.**Тіл байлығын дамыту.<br>**Қолданады:**Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбие[illegible]<br><br>– Балалар, ертекші әжей бізге жаңа ертегі әкеліпті. Бұл ертегі «Көкек» деп аталады. Көкек – әнші, сайрауық құс. Ол жұмыртқасын өзі басып шығармайды, басқа құстың ұясына салып кетеді. Педагог балаларға ертегіні оқып береді. слайд арқылы көрсетеді. әңгімелейді (соңындағы қосымшадан | **Тіл дамыту**<br>Мен ғарышкер боламын<br>**Міндеті:** --Сөйлеу әдебін. жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап берел. мақал-мәтел , жаңылтпашты жаттап айтады:<br>**Түсінеді:** өлеңнің мазмұнын. "қ" ."ғ" дыбыстарының дұрыс айтылу артикуляциясын түсінеді:<br>**Қолданады:** мамандық иелерін анықтайды.<br>Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату:<br>Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Сағи. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы.<br>«Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату:<br>Ғалым – қолған. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз.<br>«Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ. жаңылтпаш ішінде бекіту<br>Дидактикалық ойын: «Мамандықты анықта». Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады | **Музыка**<br>Ғарыш әлеміне саяхат<br>**Міндеті:** - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру<br>Музыка тыңдау:<br>«Көкек» (Х. Мұхамедова)<br>Ән айту:<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>«Ғарышкер боламыз»<br>(Ш. Мұхамеджанов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Құстар» (Т. Ломова)<br>Билер: «Көкпар» биі<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)<br>Музыкалық аспапта ойнау | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>Сырмақты әшекейлейміз<br>**Міндеті:** -- Қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу. көлемді пішіндерді бейнелеуге үйрету<br>- - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу. бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау<br>- - Ойдан әртүрлі бейнелерді. қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.<br>- Шығармашылық қиялды дамыту. көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br>**Топтық жұмыстар** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тастап кетіпті. Бұлак көзі бітеліп калды, соны тазалап, қоқыстарды сорттап, өз себеттеріне жинаңдар. Балалар коқыстарды сорттап, қағаз қалдықтарын қағаз белгісі бар қорапқа, табиғи заттар – жапырақ, шырша бүрі, емен жаңғақтарын, бұталарды жапырақ суреті бар қорапқа, пластик заттарды шөлмек суреті бар қорапқа жинайды. Педагог балаларға орман перизаты беріп жіберген жұлдызшаларды таратады. Малифисентаның 2-тапсырмасы: «Орман адамға не береді?» Саңырауқұлақтар, жидектер, жаңғақтар, дәрілік шөптер- далагүлі, итмұрын, шетен ағашы, қайың ағашы суреттері бөліктерін құрастырады. | қараңыз). Сөздік жұмысы: дана – парасатты, білімді адам болжай алмайсың – алдын ала не болатынын білмейсің Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Көкек қайда ұшып келеді? Көкек не үшін қуады? – Дана адам көкекке не айтты? – Көкек не істеді? Көкек сөзіне сөйлем құра. – Дана адам балаларға не үшін құсты босаттырды? | | | |

**Қауіпсіздік сабағы : «ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ КӨЛІКТЕ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»**

**Мақсаты: балаларға саябақтар, кинотеатрлар, ойын алаңдары сияқты қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікті пайдалану кезіндегі негізгі қауіпсіздік ережелерін үйрету. ,**

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| Тәрбиеленушілерді қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерімен таныстыру. Саябақтар мен ойын алаңдарында: Ешқашан ата-ана мен үлкендерден алыс кетпеңіз. Егер адасып қалсаңыз, тұрған жерде қалып, көмекке шақырыңыз. Сынған әткеншектерде немесе басқа қауіпті жерлерде ойнамаңыз. Кинотеатрлар мен сауда орталықтарында: Әрқашан үлкен адамның қолынан ұстаңыз. Бейтаныс адамдармен сөйлеспеңіз. Егер сізді біреу шақырса, дереу үлкендерге айтыңыз. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері: Автобустар, трамвайлар және метрода: Көлік жүргізу кезінде тұтқалардан ұстаңыз. Терезеден еңкеймеңіз. Салонда жүгірмеңіз. Тек ересек адаммен бірге кіріп-шығыңыз. Сюжетті-рольдік ойындар: Жағдаяттарды сомдаңыз: саябақта адасу, автобуста жүру және т.б. Әрбір жағдайға сәйкес ережені талқылаңыз. Негізгі ережелерді қайталаңыз және балаларға бекіту сұрақтарын қойыңыз. | **Пайдалы сілтемелер:**<br>**https://www.youtube.com/watch?v=v35mrFKL1Sw&list=PLA5eCSY2FeoQFtm Gao7lWQuIA-hK_6ODD&index=29**<br>**https://www.youtube.com/watch?v=VDTxhl7wPJE&list=PLA5eCSY2FeoQLLoc S-lEuEG9KjOrJzvPM&index=4** |  |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Байқоңыр**<br>**Міндеті: - -**Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: Допты екі қолымен жүргізу<br>**Түсінеді**: аракашықтығы 4 метр жүргізу<br>**Қолданады**:допты алып жүреді<br><br>.«Мың бұралып майысқан» – аркан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді. Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде | **Музыка**<br>Қайырлы таң<br>**Міндеті:** - Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды.<br>**Түсінеді:** түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын<br><br>Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров)<br>Ән айту: «Ғарышкер боламыз»<br>(Ш. Мухамеджанов)<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров) | **Дене тәрбиесі**<br>**Байқоңыр**<br>**Міндеті:** -Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею .<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Гимнастикалық қабырғаны ұстау<br>**Түсінеді:** алға еңкею<br>**Қолданады.**тақтайшаны ұстап жаттығу жасау<br>Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу<br><br>Секіртпемен бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады.<br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. | **Қазақ тілі**<br>Шаңырақ<br>**Міндеті - -**Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп)сөздермен толықтыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Шаңырақ киіз үйдің бөлшегі екенін біледі;<br>**Түсінеді.**Кигізін ажыратады;<br>**Қолданады:**Бөліктерін атайды;<br><br>Балалар, менің қолымда киелі шаңырақ, қазір барлығың шеңберге тұрыңдар.<br>Әрқайсысың бір лентадан ұстап, шаңыраққа арналған тілектеріңді айтыңдар.<br>**Педагог:** Менің тілегім:<br>Шаңырақ шаттыққа әр кез кенелсін,<br>Қуанышты сәттер әр кез көбейсін.<br>Балалар кезекпен тілектерін айтады. | **Дене тәрбиесі**<br>**Байқоңыр**<br>**Міндеті: - -**Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Гимнастикалық қабырғаны ұстау<br>**Түсінеді:** алға еңкею<br>**Қолданады.**тақтайшаны ұстап жаттығу жасау<br><br>Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу.<br>Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кайырылып өтуге машыктанады.<br><br>**Кимыл-козғалыс ойыны:**<br>**«Арканнан секіру»**<br>**Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арканның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арканнан секіріп, аяғын алып кашып үлгереді** | **Музыкалык-ырғактык кимылдар:**<br>**«Көңілді би» (И. Штраус)**<br>**Би шығармашылығы:**<br>**Өз беттерінше би ойлап шығару.**<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«Канша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)** | **Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аякпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аякпен кезек алып жүргізеді** | **Мысалы:**<br>**1 бала:** Шаңырағымыз биік болсын!<br>**2 бала:** Қуаныштар көп болсын!<br>**3 бала:** Бірлік болсын!<br>**4 бала:** Елімізде тыныштық болсын!<br>**5 бала:** Береке болсын!<br>**Педагог:** Балалар, шаңырак осылай әрдайым биік болсын, сендердің колдарындағы уыктар,<br>осылай елімізде үнемі бірлік, береке, тыныштық болсын. Бүгінгі оку кызметіміз шаңырак такырыбында болады<br> | Қолды дұрыс койып ұстау. Төрт саусакты үстінен, бас бармакты астынан койып ұстайды. |
| **Серуенге дайындык** | Киімдерді реттілікті сактап дұрыс киінуге үйрету. | | | | |
| | | | | | |
| **Серуен** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №18**<br>**Бақылау: Бақбак гүлін бақылау**<br>**Максаты:** бақбак гүлі туралы білімдерін тиянактау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару );<br>— табиғатты корғау және сактауға деген ынталары мен іскерліктерін калыптастыру;<br>— емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянактау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз.**<br>Аппак, аппак бакбактар,<br>Үлбіреген бакбактар.<br>Құлды киіз ак үйлер.<br>Парашюттен аумайды.<br>Төнеді кең жан-жактан, Сәл-пәл самал жел<br>сокса.<br>Тамашалап сәбилер.<br>Ак ұшалар заулайды. | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №19**<br>**Бақылау: Жолжелкенді бақылау**<br>**Максаты:**емдік өсімдіктер туралы түсініктерін калыптастыруда танымдык белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік касиеті туралы білімдерін молайту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші әңгімесі**<br>-Жолжелкен казакстанның барлык жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындык алкаптарда көптеп кездеседі.<br>Сондыктан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №20**<br>**Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>**Максаты:** «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянактау;<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне карай салыстыра [illegible]уге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбактар жасырады:**<br>*Гүлдің нәрін жинайды.<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбеккорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>*Қанды сорып сүліктей.<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл кандай бүлік лой? (маса)<br>*Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұка канаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Кокыска конады. Бұл не? (шыбын) | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №21**<br>**Бақылау: Ауа-райын бақылау**<br>**Максаты:**Көктем мезгілінің аяғына карай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін калыптастыруды жалғастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>Көрк[illegible] сөз. А.Меңлібай<br>Мамыр айы келгенде,<br>Дала гүлге толады.<br>Жайнап барлык атырап,<br>Қызык-думан болады.<br>Бакшамызда біз еккен,<br>Гүл шоктары гүлдейді.<br>Жапырактар сыбдырлап,<br>«Кандай көркем, көр»-дейді.<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрінісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>**Жеке жұмыс** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №22**<br>**Бақылау: Гүлзарды бақылау**<br>**Максаты:**<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>— Өсімдіктерді күту, суғару іскер[illegible]терін тиянактау;<br>— Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші сұрактар койып, әңгімелесу жүргізеді<br>◆ Кандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>◆ Кандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>◆ Олардың кандай |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы.<br>Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн шығуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл орамасы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» айналады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады.<br>Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек.<br>**Жеке жұмыс**<br>• Бақбақ гүлінің түрі қандай??<br>• Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?<br>• Бақбақтың қандай лақап аттары бар?<br>• Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?<br>**Зерттеу жұмыс:** Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау | атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққимге жабысып барып, басқа жерлерге дәнінің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.<br>**Жеке жұмыс**<br>• Мамыр айын халықта қалай атайды? (шешек айы)<br>• Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар)<br>• Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ол жер әлі салқын)<br>• Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасыл тана түседі) | *Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>*Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Жеке жұмыс**<br>• Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>• Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б)<br>• Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>• Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан дернәсілдер өсіп шығады)<br>• Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)<br>• Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).<br>• Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>• Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>• **Зерттеу жұмысы**<br>Қиыршық тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».**<br>**Мақсаты:** кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. | • Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>• Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)<br>• Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан)<br>• Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>• Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көрінісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>• Қазір аспан көрінісі қандай? (ашық көк)<br>• Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>• Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?<br>• Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>• Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын**<br>**«Үшінші артық».**<br>**Мақсаты:** ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны | айырмашылығы бар?<br>• Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>• Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>• Оларды қалай күтесіңдер?<br>**Жеке жұмыс**<br>• Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>• Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>• Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>• Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>• Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл egетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>Мақсаты:<br>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын**<br>**«Қай топ тез жиналады?».**<br>**Мақсаты:** жүгіруге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».<br>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>- Әр гүлдің иісі әр басқа.<br>-Гүл-араға, бал-балаға.<br>Қызыл гүл көзге алыстан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау.<br>Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Өз гүліңді тап».**<br>**Мақсаты**:<br>—түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.<br>Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты:<br>- Қимыл белсенділіктерін арттыру;<br>Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | ♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (жолжелкен)<br>♦ Оны неге олай атаған?<br>♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу.<br>Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. .<br>**Қимылды ойын: «Бәйге».**<br>**Мақсаты:** жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>—Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>—Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | шалынар.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сөйлеу дағдысын дамыту<br>**Жұмыс түрі**: Сурет бойынша әңгімелеу<br>**Қолданылған құрал:** Сюжетті сурет<br>**Бақылау:** Сөздік қоры жақсы, бірақ сөйлеммен айтуға қиналады. | Зейінін және есте сақтауын дамыту<br>**Жұмыс түрі:**<br>Жаңылтпаш жаттату<br>**Қолданылған құрал:**<br>Жаңылтпаш жазылған карточкалар<br>**Бақылау:** Қысқа сөздерді дұрыс айтады, бірақ ұзақ | **Математикалық түсініктерін қалыптастыру**<br>Жұмыс түрі: **Санап айту, салыстыру**<br>Қолданылған құрал: **Кубиктер, санау таяқшалары**<br>Бақылау: **10-ға дейін санайды, бірақ кері санауға қиналады.** | Ұсақ моторикасын дамыту<br>**Жұмыс түрі:** Қағаз қию, жапсыру<br>**Қолданылған құрал:** Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім<br>**Бақылау:** Қағазды қия алады, бірақ ұқыпты жапсыруға қиналады. | Әлеуметтік дағдыларын жетілдіру<br>**Жұмыс түрі:** «Менің досым» тақырыбында әңгімелесу<br>**Қолданылған құрал:** Балалардың суреттері, смайликтер<br>**Бақылау:** Досының атын айта алады, бірақ сөйлем құрауда қысқа жауап береді. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөйлемдерді шатастырып кетеді. | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксприментал дық,еңбек, қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары)** | ***Сюжетті - рөлді ойын:* «Тігінші»**<br>***Мақсаты:*** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>***Көрнекіліктер:*** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.<br><br>***Ойын барысы:***<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Өнерім қол ұшында,<br>Боламын мен тігінші<br>Тігіншінің ішінде,<br>Бас бармақтай бірінші.<br>  | **Тақырыбы: «Алтын бидай»** ойыны.<br>**Мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын нығайту.<br>**Шарты:** Ойыншылар жүргізушіні таңдап және жұптарға бөлінеді, олар шеңберге тұрып бір жұп басқа жұптан алшақ болмайды. Жүргізуші ойынды бастайды ол әр жұпқа жақындап, айтады:<br>-Қайырлы күн! Сенде не?<br>-Алтын бидай – жұптағы біреу жауап береді.<br>-Ол үшін не?!<br>-Тау қар, көл су!<br>Жауап беріп, тұрғандар жан жаққа жүгіріп, және шеңбер бойынша, ал жүргізуші оның орнына тұрады. Сол ойыншы, қайсысы бірінші тұрса, сол жүргізушінің жұбы болады қалғаны жүргізуші болады, осылай ол осы сұрақты басқа жұпқа қояды. | **Қимылды ойын**<br>«Детектив»<br>Ойнаушылар арасынан жетекші таңдалады. Қалған ойыншылар түрлі қалыпта қатып қалады. Жетекші ойнаушылардың қалыптарын, олардың киімдерін есте сақтауы тиіс. Содан кейін жетекші бөлмеден шығады немесе алысқа кетеді де ойнаушыларға арқасымен тұрады. Ойнаушылар өз қалпы мен киімінде бес өзгеріс жасайды (әрқайсысы - бес емес, барлығы бес). Жетекші кіреді. Ол бәрін бастапқы қалпына келтіруі тиіс: мұқият қарап, ойнаушылардың қалыптары мен киімдеріндегі бес өзгерісті табуы тиіс. | **Ойын: *«Үңгірсіз қоян»***<br>**Мақсаты:** Жұптасып үйлесімді түрде ойнауға баулу. Жылдамдыққа жаттықтыру. Батыл, қайсар болып өседі.<br>Ойын шарты: Ойынға қатысушылар бір біріне қарсы жұптасып тұрады, қолдарының байланысын жоғары көтеріп. Бұл «үй» немесе қоян «үңгірі». Екі жүргізуші таңдалады – «қоян және аңшы». Қоян аңшыдан қашуы керек, сонымен қоса ол сол үйде тығыла алады, яғни ойыншылардың арасына тұрады. Қайсысына ол арқашан тұрса, ол қоян болады және аңшыдан қашады. Егер аңшы қоянды ұстаса, онда олар рольдермен ауысады.<br>. | **«Қаржылық сауаттылық»**. «Қымбат-арзан» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері: балаларға азық-түлік түрлері туралы түсінік беру: тауарды таңдауға, арзан заттан қымбат затқа қарай (немесе керісінше) ретімен орналастыра отырып, арифметикалық әрекеттерді қолдануға үйрету.<br>Материал: азық-түлік өнімдері, монеталар бейнеленген карточкалар.<br>Барысы: 1- нұсқа. Балаларға карточкалар ұсынылады, олар азық-түлік өнімдерін өсу ретімен арзаннан қымбатқа қарай және керісінше орналастыруы қажет. |

Сканировано с CamScanner

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес(Өнегелі 15 минут)**<br>**«Көктем мезгілінде баланың иммунитетін көтеру жолдары»**<br>Қыс мезгілінде ауа райының суытуына байланысты балалар жиі суық тиіп, ауырып жатады. Сондықтан баланың иммунитетін күшейту – ата-ананың басты міндеттерінің бірі.<br>**1. Дұрыс және құнарлы тамақтану**<br>Баланың күнделікті ас мәзірінде дәрумендерге бай тағамдар болуы керек.<br>Көкөністер мен жемістер (сәбіз, алма, орамжапырақ), сүт өнімдері, ет пен балық иммунитетті нығайтады. Тәтті мен фастфудты шектеген дұрыс.<br>**2. Таза ауада серуендеу**<br>Күн сайын таза ауада серуендеу баланың ағзасын шынықтырады. Суық күндері де баланы ауа райына сай жылы киіндіріп, серуенге шығару пайдалы.<br>**3. Дене шынықтыру және қимыл-қозғалыс**<br>Таңертеңгі жаттығу, қозғалыс ойындары баланың денсаулығын жақсартады. Қимыл-қозғалыс қан айналымын жақсартып, иммунитетті көтереді.<br>**4. Ұйқы режимін сақтау**<br>Бала жасына сай жеткілікті ұйықтауы керек. Уақытында ұйықтап, уақытында тұру – ағзаның дұрыс жұмыс істеуіне көмектеседі. |

Тексерілді:

Сканировано с CamScanner